


«БЕКІТЕМІН»

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

 Сисенбаев Е.И.

Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі бойынша құрылған
Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Қамқоршылық кеңес құрамы мүшелерінде өзгерістер болған жағдайда, жаңадан қайтара құрамды бекіту, бұйрықтар шығару.	Қажет болған жағдайда	Қамқоршылық кеңес төрағасы Мектеп әкімшілігі
2	Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
3	Дарынды балаларды қолдау мақсатында атқарылған жұмыстармен танысу, талқылау	жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
4	Тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасы балаларына оқу ақысында әлеуметтік көмектер көрсету (жеңілдіктер жасау, бұйрықтар шығару өтініштері негізінде)	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
5	Мектептегі еңбек жағдайын жақсарту және оқыту мәселесі бойынша мұғалімдер мен оқушылар арасында сауалнама жүргізу.	Ақпан	Қамқоршылық кеңестің мүшелері, мектеп психологі
6	ҚР Тәуелсіздік мерекесіне орай оқушылардың бойында патриоттық сезімдерін ояту мақсатында шаралар ұйымдастыру (концерттік бағдарламалар, байқаулар)	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңес мүшелері
7	Қазанғап атындағы балалар өнер мектебінің директоры Ж.Құдайбергеновтің 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі.	Жоспар бойынша	Қамқоршылық кеңес мүшелері Мектеп әкімшілігі
8	Атаулы мереке күндері (Жаңа жыл, 8 наурыз, 22 наурыз, 1 маусым балаларды қорғау және т.б. мерекелерде) жетім	Жоспар бойынша	Қамқоршылық кеңес мүшелері

	балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету.		Мектеп әкімшілігі
9	Қамқоршылық кеңес құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпарат беруде мектеп қызметкерлеріне көмек көрсету.	Сәуір	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
10	Жас ұрпақтың бойында жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру мен балалар арасында өрт қауіпсіздігі ережелерін кеңінен насихаттау, өз өмірін сақтау негіздерін үйрету және құтқарушы мен өрт сөндіруші мамандардың еңбектерін құрметтеуге шақыру мақсатында кездесулер ұйымдастыруға жәрдемдесу.	Жоспар бойынша	Қамқоршылық кеңес мүшелері Мектеп әкімшілігі

Хатшы

maf

Жоламанова Ж.А.

**Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі бойынша
Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы**

ХАТТАМА № 1

«16» 10 2023 ж.

Қамқоршылық кеңесінің жиналысы

Төрағасы: Сисенбаев Е.И.

Хатшы: Жоламанова Ж..

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Альжанова М, Алимбаева Г.А.,
Амирова А.А., Мұстафин Т., Ермағамбетов Т.Қ., Кайпанов Б.А., Биманова
Б.Е., Қонысбек Г.Е.

Шақырылды: Ата-аналар комитетінің төрайымы.

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жаңа құрамын бекіту.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құжаттарын жинақтау.
3. Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын бекіту.
4. Оқу ақысына жеңілдік жасау туралы

Басталуы: 17:00

Аяқталуы: 17:50

Тыңдалды:

**Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша Қамқоршылық кеңесінің
төрағасы Сисенбаев Е.И. сөз сөйледі:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітіліп, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрығымен «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2 тарау 5 тармағы негізінде қамқоршылық кеңесінің құрамын өзгерту туралы хабарландыру мектептің сайтына жарияланған болатын. Хабарландыруда қамқоршылық кеңесі мүшесінің міндеттері көрсетіліп, кеңес құрамына шақырылатын тұлғалардың атаулары да көрсетілген болатын. Осыған сәйкес үміткерлерден ұсыныс қабылданып, бүгін жаңадан сайланған қамқоршылық кеңес құрамымен таныстырамын.

Олар: Қамқоршылық кеңес төрағасы:

1. Сисенбай Е.И. – жеке кәсіпкер, облыстық мәслихат депутаты

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

2. Альжанова М.О. – ата-ана
3. Алимбаева Г.А. – ата-ана
4. Амирова А.А. – ата-ана

5. Мұстафин Т.Ж. – А.Жұбанов атындағы Ақтөбе музыка колледжінің педагогі
 6. Ермағамбетов Т.Қ. – педагогика саласының еңбек ардагері.
 7. Кайпанов Б.А. – В.Пацаев атындағы жас ұшқыштар мектебінің директоры
 8. Биманова Бибігүл Ерболатқызы – «Қазақстан-Ақтөбе» телеарнасының тақырыптық бағдарламалар бөлімінің шеф-редакторы
 9. Қонысбек Гүлбахар Ержанқызы – Ақтөбе облысы бойынша полиция департаментінің кадр саясаты басқармасының инспекторы
- Хатшы:**
10. Жоламанова Ж.А. – Қазанғап атындағы балалар өнер мектебінің тәрбие ісі жөніндегі директорының орынбасары.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Ермағамбетов Т.Қ. сөйледі:

Біздің қатарымызға қош келдіңіздер. Ендігі мақсат жаңа 2023--2024 оқу жылындағы қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын талқылау мен бекіту.

Екінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі Альжанова М.А. сөйледі:

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес барлық қамқоршылық кеңес мүшелерінің барлығында келесідей құжаттар жинақталуы тиіс: өтінім, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, қазақ немесе орыс тіліндегі иүйіндеме, білімі бар екендігі туралы құжаттың көшірмесі, соттылығының және жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар. Ұсыныс қамқоршылық кеңестің хатшысы Жоламанов Ж.А. осы құжаттарды тексеріп түгендесе.

Үшінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі Мұстафин Т.Ж. сөйледі:

Қамқоршылық кеңестің жаңа құрам бекітіліп болса, 2023-2024 оқу жылына қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсе. Жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылу үшін.

Төртінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-ана Алимбаева Г.А. сөйледі:

Әлеуметтік осал жағдайындағы отбасы балаларына көрсетілетін қызмет түрлерінің тиімділігін және қолжетімділігін жасау мақсатында, ата-аналар өтініштері мен ұжымдық келісім-шартының Х тармағының 10.13 бөлімі негізінде төмендегі оқушыларға қыркүйек айынан бастап жеңілдік жасалсын:

I. 01.09.2023 жылдан бастап ата-ана төлем ақысынан төменде көрсетілген оқушылар босатылсын:

1. Русланқызы Жанерке – хореография, домбыра, фортепиано
2. Русланқызы Акерке – хореография
3. Төлепберген Әлихан – домбыра
4. Төлепберген Әліби – вокал, баян
5. Бисенғали Айша – қобыз, көркемсурет өнері
6. Кутлубаева Меруерт – көркемсурет, кларнет, қолданбалы сәндік өнер
7. Кутлубаев Арлан – домбыра, үрмелі аспаптар
8. Құдайбергенов Әлияр – вокал
9. Жұмақанова Жанайым – дәстүрлі ән
10. Жұмақанова Мейірім – фортепиано
11. Жахина Нұрай – фортепиано
12. Жармағамбет Асылжан – хореография
13. Мурзағалиева Милана – прима-қобыз
14. Мурзағалиева Аделя – қыл қобыз
15. Козлов Тихон – дәстүрлі ән
16. Досова Алтынай – прима-қобыз
17. Погорелова Александра – жетіген
18. Мурзағалиев Аяған – домбыра
19. Хоменко Кристина – қыл қобыз
20. Мендібаева Зейнеп – қыл қобыз
21. Хоменко Денис – баян
22. Анишкова Андреана – скрипка
23. Мұса Сабина – көркемсурет өнері
24. Аликова Айбике – хореография, вокалдық ансамбль, көркемсурет өнері
25. Саматов Ануар – журналистика
26. Балманов Тимур – көркемсурет өнері
27. Дүйсенова Сымбат – фортепиано
28. Байтасов Азамат – вокал
29. Тілеп Асқар – фортепиано

II.01.09.2023 ж. бастап ата-ана төлемақысынан төменде көрсетілген оқушыларға 50% жеңілдік жасалсын:

1. Даулетқызы Ақмерей – скрипка
2. Нұғыман Есей – фортепиано
3. Дунаев Сергей - фортепиано
4. Жанахмет Арлан – флейта
5. Дүйсенбаев Айдар - фортепиано
6. Тұрымова Еркеназ – домбыра
7. Ұзақов Ибраһим - мектепке дейінгі даму студиясы
8. Жармағанбет Айжан – хореография, журналистика
9. Жармағанбет Нұржан – дәстүрлі ән
10. Жармағанбет Асылжан – дәстүрлі ән, журналистика
11. Али Алан - мектепке дейінгі даму студиясы
12. Нұрышева Гүлназ - көркемсурет өнері
13. Сайын Сырым – домбыра

- 14.Таджанов Еркебұлан – домбыра
- 15.Қанатбай Тәуекел – домбыра
- 16.Избанов Али - мектепке дейінгі даму студиясы
- 17.Сарманова Диана – вокал
- 18.Хобдабай Нұрай – вокал
- 19.Ізмағамбет Жұлдыз - вокал

Қаулы қабылданды:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жаңа құрамын бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құжаттары жинақталсын.
3. Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын бекітілсін.
4. Оқу ақысына жеңілдік жасау туралы бұйрықпен ата-аналар таныстырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



Сисенбаев Е.И.

Мүшелері

Альжанова М
Алимбаева Г.А.
Амирова А.А.
Мұстафин Т
Ермағамбетов Т
Кайпанов Б.А.
Биманова Б.Е.
Қонысбек Г.Е.



Хатшы



Ж.Жоламанова

**Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі бойынша
Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы**

ХАТТАМА № 2

«21» 12 2023 ж.

Қамқоршылық кеңесінің жиналысы

Төрағасы: Сисенбаев Е.И.

Хатшы: Жоламанова Ж..

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Альжанова М, Алимбаева Г.А.,
Амирова А.А., Мұстафин Т., Ермағамбетов Т.Қ., Кайпанов Б.А., Биманова Б.Е.,
Қонысбек Г.Е.

Шақырылды: Ата-аналар комитетінің төрайымы.

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылына I жарты жылдық тыңдалымы.
2. Жаңа жылдық «Маска шоу» мерекесіне дайындық
3. Президент шыршасына қатысу

Басталуы: 16:00

Аяқталуы: 16:50

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Сисенбаев Е.И. сөз сөйледі:

Қазанғап атындағы балалар өнер мектебінің ұстаздары әрбір тоқсан сайын ата-аналарға арналған қорытынды концерт өткізеді. Бұл жолы барлық ансамбль, оркестр ұжымдары I жартыжылдық қорытынды бойынша тыңдалымын жоспарлап отыр. Сонымен қатар оқушылардың да I жартыжылдық қорытынды концерті болады екен.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Амирова А.А. сөйледі: Иә, менің балам осы мектепте домбыра сыныбында оқиды. Оркестр және ансамбль кластарында дайындықтары тыңғылықты жүріп жатыр екен. Қосымша сабақтарға шақырып, екі ауысымдағы оқушылардың барлығы жиналуда.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Қонысбек Г.Е. сөйледі: Балалардың осы уақытқа дейін үйренген білімдерін тиянақтау өте дұрыс. Дегенмен дайындық және мереке кезіндегі оқушылардың өмір қауіпсіздігі қатаң сақталуы керек деп есептеймін. Қазіргі қыс мезгілінде әсіресе.

Екінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі Альжанова М. сөйледі: Қазанғап атындағы балалар өнер мектебінде дәстүрге айналған «Маска



Қамқоршылық кеңес құрамына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар 01.03.2023 №56) «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережесіне және Ақтөбе қаласының білім бөлімінің №320 02.10.2023 жылғы бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

I. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамы келесідей өзгертіліп, қайта бекітілсін:

1. Сисенбай Естай Ибрагимович – Қамқоршылық кеңестің төрағасы, жеке кәсіпкер.

Мүшелері:

2. Альжанова Маржан Оразовна -- ата –ана

3. Алимбаева Гүлназ Аманбайқызы – ата-ана

4. Амирова Әсел Айтқалиқызы – ата –ана

5. Мұстафин Төребек Жаншаұлы – А.Жұбанов атындағы музыкалық колледжінің оқытушысы

6. Ермағамбетов Тельман Қыдырсиыкович – педагогика саласының еңбек ардагері

7. Кайпанов Булат Абилкасимович - В.Пацаев атындағы жас ұшқыштар мектебі директоры

8. Биманова Бибігүл Ерболатқызы – «Қазақстан-Ақтөбе» телеарнасының тақырыптық бағдарламалар бөлімінің шеф-редакторы

9. Қонысбек Гүлбахар Ержанқызы – Ақтөбе облысы бойынша полиция департаментінің кадр саясаты басқармасының инспекторы

II. 2023-2024 оқу жылына Қамқоршылық кеңестің жұмысы ережеге сәйкес ұйымдастырылып, жүргізілсін.

III. Қамқоршылық кеңестің хатшысы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жоламанова Ж.А. тағайындалсын.

VI. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Директор:



Құдайбергенов Ж.Қ.

**Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі бойынша
Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы**

ХАТТАМА № 3

«12» 01 2024 ж.

Қамқоршылық кеңесінің жиналысы

Төрағасы: Сисенбаев Е.И.

Хатшы: Жоламанова Ж..

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Альжанова М, Алимбаева Г.А.,
Амирова А.А., Мұстафин Т., Ермағамбетов Т.Қ., Кайпанов Б.А., Биманова Б.Е.,
Қонысбек Г.Е.

Шақырылды: Ата-аналар комитетінің төрайымы.

Күн тәртібінде:

1. Мектепішілік «Екі жұлдыз» оқушы мен ұстазының байқауына дайындық
2. «Мәңгі өлмес жырыменен із қалдырған» атты Мұқағали Мақатаевқа арналған әдеби поэзия кеші.
3. Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері арасында жыл сайын ұйымдастырылатын волейбол жарысына қатысу.
4. Хореография және журналистика класының оқушысы Төрежан Анеляның еміне арналған қайырымдылық концертін ұйымдастыру.

Басталуы: 14:00

Аяқталуы: 15:20

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Сисенбаев Е.И. сөз сөйледі:

Қайырлы күн, қамқоршылық кеңес мүшелері! Қазанғап атындағы балалар өнер мектебінде жыл сайын “Екі жұлдыз” атты мектепішілік оқытушы мен оқушысының арасындағы өнер байқауы өткізіледі.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Мұстафин Т.Ж. сөйледі: Байқаудың мақсаты: тәрбиенің рөлін арттыру, талғам мәдениетін тәрбиелеу, интеллектуалды мәдениетті қалыптастыра отырып, ұстаз бен оқушылар арасындағы талғамдық құндылықтарға жету қабілеттерін қалыптастыру.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Қонысбек Г.Е. сөйледі: Олай болса өнер байқауының шарттарын бекітіп, барлық жас мамандардың белсенді қатысуына кеңес беремін.

Екінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі Алимбаева Г.А. сөйледі: Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі әлеуметтік серіктес ретінде техникалық және кәсіптік оқу орындарымен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Солардың бірі А.Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжі. II жартыжылдықта өнер мектебіне келген тәжірибелік практикадан өтуге келген

студенттердің жоспарына сәйкес Мұқағали Мақатаевтың туған күніне арналған әдеби поэзия кешін ұйымдастыру туралы ұсыныс түсті. Жастардың бойында мәңгі өлмес жырын қалдырған ақиық ақынның кешін өтізу тәрбиелік мәні бар үлкен шара деп санаймын.

Үшінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі Биманова Б. сөйледі: Жыл сайын қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері арасында қалалық волейбол жарысы ұйымдастырылып келеді. Өнер мектебінде «Жас қанат» жастар ұйымы бар. Жаңа оқу жылында да жұмысқа жас мамандар қабылданып, жастар қатары көбейіп келе жатыр. Волейбол жарысына бір команда құрып, бірдей киім үлгісін киіп, дайындық күндері белгіленіп дайындалса. Ұстаздар арасында салауатты өмір салтын насихаттауда бұл керемет шара деп ойлаймын.

Төртінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі Альжанова М. сөйледі: Бар байлығымыз бақытымыз – бала. Өйткені бақытымыздың баяндылығы да балалармен өлшенбек. Әлеуметтік желілер арқылы осы мектептің оқушысы Төрежан Анеляның еміне көмек қажет екенін көріп қалған болатынмын. «Жанашырлыққа — жан риза» дегендей жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске ат салысу әрбір адамның азаматтық парызы. Осы бір дарынды баламыздың еміне арналған қайырымдылық концертін өткізуді ұсынамын.

Қаулы қабылданды:

1. Мектепішілік «Екі жұлдыз» оқушы мен ұстазының өнер байқауының ережесі бекітіліп, қатысушылар тізімі анықталсын.
2. «Мәңгі өлмес жырыменен із қалдырған» атты Мұқағали Мақатаевқа арналған әдеби поэзия кеші А.Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледж студенттері мен журналистика класының оқушыларымен бірге ұйымдастырылсын.
3. Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері арасында жыл сайын ұйымдастырылатын волейбол жарысына қатысатын команда анықталып, форма алынсын.
4. «Мейірім шуағы» атты Төрежан Анеляның еміне арналған қайырымдылық концерті ата-анасымен келісіп, ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



Сисенбаев Е.И.

Мүшелері

Альжанова М.
Алимбаева Г.А.
Амирова А.А.
Мұстафин Т.
Ермағамбетов Т.
Кайпанов Б.А.
Биманова Б.Е.
Қонысбек Г.Е.



Хатшы



Ж.Жоламанова

**Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі бойынша
Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы**

ХАТТАМА № 4

«04» 03 2024 ж.

Қамқоршылық кеңесінің жиналысы

Төрағасы: Сисенбаев Е.И.

Хатшы: Жоламанова Ж..

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Альжанова М, Алимбаева Г.А.,
Амирова А.А., Мұстафин Т., Ермағамбетов Т.Қ., Кайпанов Б.А., Биманова Б.Е.,
Қонысбек Г.Е.

Шақырылды: Ата-аналар комитетінің төрайымы.

Күн тәртібінде:

- 1.8 наурыз Халықаралық әйелдер күні және 22 наурыз Ұлыстың ұлы күні
Наурыз мерекесін тойлауды жоспарлау.
2. «Балалар филармониясы» жобасы аясындағы «Болашаққа қадам» атты
мерекелік концертін өткізу.
3. Бөлімдер бойынша жылдық қорытынды есеп беру кештеріне дайындық
жүргізу.

Басталуы: 14:00

Аяқталуы: 15:00

Тыңдалды:

**Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
Сисенбаев Е.И. сөз сөйледі:**

Қайырлы күн, қамқоршылық кеңес мүшелері! Қазанғап атындағы балалар өнер мектебінің барлық ұстаздары жан-жақты жаңашыл, креативті. Соның ішінде жастар ұйымы өте белсенді. Осы уақытқа дейін бірнеше қызықты шаралардың куәсі болдық. Ендігі мәселе алда келе жатқан 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні және 22 наурыз Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін тойлауды жоспарлау. Әйелдер қауымына арналған концерт пен Наурыз мерекесінің жоспарына сәйкес шаралар қолға алынса.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Ермағамбетов Т.Қ. сөйледі: Екінші мәселе бойынша Г.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясының 80 жылдығына орай, шығармашылық ұжымдар мен өнер мектептері оқушыларымен біріккен «Балалар филармониясы» жобасы аясында Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі «Болашаққа қадам» концертін өткізуді жоспарланып отыр.

Үшінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі Алимбаева Г.А. сөйледі: Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі әрбір жарты жылдықта ата-

аналарға арналған қорытынды тыңдалым өткізеді. Әр бөлім қорытынды тыңдалымды концерт ретінде өткізіп, афиша жасалып, күндерін бекітуді ұсынамын.

Қаулы қабылданды:

- 1.8 наурыз Халықаралық әйелдер күні және 22 наурыз Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін тойлау жоспары құрылсын.
2. «Балалар филармониясы» жобасы аясындағы «Болашаққа қадам» атты мерекелік концертінің сценарлық жоспары бекітілсін.
3. Бөлімдер бойынша жылдық қорытынды есеп беру кештеріне дайындық жүргізіліп, күндері бекітілсін. Ата-аналарға афишалар таратылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:




Сисенбаев Е.И.

Мүшелері

Альжанова М
Алимбаева Г.А.
Амирова А.А.
Мұстафин Т
Ермағамбетов Т
Кайпанов Б.А.
Биманова Б.Е.
Қонысбек Г.Е.



Хатшы



Ж.Жоламанова

**Қазанғап атындағы балалар өнер мектебі бойынша
Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы**

ХАТТАМА № 5

«14» 05 2024 ж.

Қамқоршылық кеңесінің жиналысы

Төрағасы: Сисенбаев Е.И.

Хатшы: Жоламанова Ж..

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Альжанова М, Алимбаева Г.А.,
Амирова А.А., Мұстафин Т., Ермағамбетов Т.Қ., Кайпанов Б.А., Биманова Б.Е.,
Қонысбек Г.Е.

Шақырылды: Ата-аналар комитетінің төрайымы.

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылының жас түлектер кешін өткізу.
2. 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау мерекесіне қатысу.
3. Жазғы алаң жұмысын ұйымдастыру.

Басталуы: 15:00

Аяқталуы: 16:20

Тыңдалды:

**Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
Сисенбаев Е.И. сөз сөйледі:**

Қайырлы күн, қамқоршылық кеңес мүшелері! Қазанғап атындағы балалар өнер мектебінің биылғы 2023-2024 оқу жылының да соңына жақындадық. Осы оқу жылы көптеген жетістіктерімен келді. Ендігі кезектегі мәселе осы өнер мектебін 7 жыл білім алып, өнер жолын әрі қара жалғастыратын түлектердің кешін өткізу.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Ермағамбетов Т.Қ. сөйледі: Жаңа қосымша ғимараттың салынуына орай осы жылғы түлектер кешін әдемі өткізуге болады деген ойдамын. Музыка бағыты бойынша жас түлектер кешін бір бөлек және біздің мектепке алғаш қадам басып жатқан жас бүлдіршіндеріміздің де куәліктерін табыс ету рәсімін өткізсек.

Екінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі Алимбаева Г.А. сөйледі: Жыл сайын 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау мерекесі қалалық кең көлемде аталып өтеді. Үздік оқу орындарынан концерттік номерлер таңдалып алынады. Осыған орай қазірден бастап қандай ән немесе басқа номерлер ұсынамыз ұстаздар дайындала бергені дұрыс деп есептеймін. Шараға облыс әкімі мен білім беру өкілетті ұйымдарының бәрі қатысады. Сондықтан жауапкершілікпен қарайық.

Үшінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі Амирова А.А. сөйледі: Балалардың жазғы демалысын тиімді әрі пайдалы ұйымдастыру мақсатында Қазанғап өнер мектебінің жанынан “Жарқын жаз” атты жазғы алаңы жұмысын жасауды жоспарлап отыр. Бағдарламада көркем сурет өнері, хореография, домбыра, дәстүрлі ән және вокал үйірмелері жұмыс жасайтын болады. Оқушылардың қатысуы тегін 1 маусым мен 31 шілде аралығында. Қабылдау ата-аналардың өтініштері негізінде жүргізіледі. Әр күнге жоспарлар бекітіліп, тәлімгерлер тағайындалса. Жазғы уақыт тиімді, әрі пайдалы өткені дұрыс.

Қаулы қабылданды:

- 1.2023-2024 оқу жылының жас түлектер кеші күні және тізімі бекітілсін.
2. 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау мерекесіне оқушылар қатыстырылсын.
- 3.Жазғы алаң жұмысы ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



Сисенбаев Е.И.

Мүшелері

Альжанова М
Алимбаева Г.А.
Амирова А.А.
Мұстафин Т
Ермағамбетов Т
Кайпанов Б.А.
Биманова Б.Е.
Қонысбек Г.Е.



Хатшы



Ж.Жоламанова

шоу» мерекелік кешін ұйымдастыру жақсы үрдіске айналған секілді. Былтырғы жылмен салыстырғанда осы жылдың дайындығы өте ерекше. Маскалар да өзгеше таңдалынған екен. Жалпы концерт кезінде мектептің жаңа ғимаратының акт залын безедіруде, шыршаны әдемілеуде көмек көрсетейік деген ұсыныс бар.

Үшінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі Алимбаева сөйледі:

Жыл сайын әр облыс Қазақстан Республикасы Президентінің атынан Жаңа жылдық шырша мерекесін өткізеді. Өнер мектебінен мерекелік бағдарламаға концерттік номерлер сұралады. Осы жылы да оқытушыларымыз ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жасап дайындалуда. Тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасарының баяндауынша 2 вокалдық ансамбль өнер көрсетеді екен.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Биманова Б.Е. сөйледі:

Әрбір шараны телеарналарда немесе қазіргі уақытта кеңінен қолданыста жүрген мобилограф шақыру арқылы кеңінен наисхаттау керек деп ойлаймын.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Қонысбек Г.Е. сөйледі: Тағы да айта кететін жәйт, дайындық және мереке кезіндегі оқушылардың өмір қауіпсіздігі қатан сақталуы керек. Мектепішілік жауапкершілікті бекіту туралы бұйрық шығарылып, жауапты мамандар таныстырылуы керек.

Қаулы қабылданды:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылына I жарты жылдық тыңдалымы уақыты мен күні бекітілсін.
2. Жаңа жылдық «Маска шоу» мерекесіне дайындық жүргізілсін.
3. Президент шыршасына қатысу үшін оқушылардың тізімі бекітіліп, жауапкершілікті бекіту туралы бұйрық шығарылып, таныстырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:




Сисенбаев Е.И.

Мүшелері

Альжанова М
Алимбаева Г.А.
Амирова А.А.
Мұстафин Т
Ермағамбетов Т
Кайпанов Б.А.
Биманова Б.Е.
Қонысбек Г.Е.



Хатшы



Ж.Жоламанова